

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 19 ақпандағы N 542 Жарлығы

*Қазақстан Республикасы Президенті  
мен Үкіметі актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс*

### **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

1) "Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының тізілімі мен мемлекеттік саяси қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 317 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 58, 559-құжат; 2002 ж., N 18, 196-құжат; N 32, 339-құжат; 2003 ж., N 20, 201-құжат; 2004 ж., N 19, 234-құжат; N 21, 265-құжат; N 33, 439-құжат; 2005 ж., N 27, 329-құжат; N 30, 380-құжат; 2006 ж., N 23, 229-құжат; N 39, 429-құжат; 2007 ж., N 43, 499-құжат):

аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметшілер лауазымдарының тізілімінде:

"Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, оның орынбасарлары" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы";

2) "Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 501 Ж а р л ы ғ ы н а :

аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімінде:

### **"А санаттарының тобы**

#### **Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі**

А-1 санаты

Сектор меңгерушісі

А-2 санаты

Инспектор, консультант

А-3 санаты

Сарапшы

А-4 санаты

Референт".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ